

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНДА
ӘЛЕУМЕТТІК
ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ
КӘСІБИ БІЛІКТІЛІГІН
АРТТЫРУДЫҢ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Қазақстан Республикасының әлемдік білім кеңістігіне кіруі мен жоғарғы кәсіби білім саласында халықаралық ынтымақтастық деңгейіне көтерілу мүмкіндіктерінің айқындалуы мамандарды, оның ішінде әлеуметтік саласындағы мамандарды даярлау мәселесіне жан-жақты талдау жасаудың қажеттігін көрсетіп отыр. Өйткені, «Әлеуметтік көмек көрсету және әлеуметтік қызмет көрсету саласындағы мамандықтар алдыңғы қатарлы дамыған елдерде XX ғасырдың басында-ақ жоғары білім беру жүйесіне енгізілсе, Қазақстанда бұл мәселе тек 1990 жылдары арнайы маман дайындау ісі жүзеге аса бастады. Сондықтан да отандық ғылым жүйесіндегі әлеуметтік қызмет саласын дамытудың басты бағыттарын ғылыми тұрғыдан нақты зерттеу ісін қолға алу қазіргі заман талабынан туындап отырған аса өзекті мәселе болып саналады.

Әлеуметтік маман білім алушылардың бойындағы адами қасиеттерді, кәсіби қабілеттерді, мамандардың өмірлік дағдылары мен шеберліктерін жетілдіріп, олардың этикалық және кәсіптік мүмкіндіктерін кеңейтудің білім беру мен қолданбалық салаларын жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту» атты Қазақстан халқына Жолдауында әлеуметтік мәселеге, яғни ана мен баланы қорғауға, негізгі зейнетақы мөлшерін ұлғайту, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт мекемелері қызметкерлерінің мәртебесін көтеруге ерекше назар аударылған. Мемлекет басшысы өз сөзінде қазақстандық жолдың жаңа кезеңі – ол экономиканы нығайтудағы, халықтың әл-ауқатын арттырудағы жаңа міндеттер екенін атап өтті. Қазіргі әлемде бұл әлеуметтік-экономикалық жаңғыртудың негізгі мәселесі. Бұл Қазақстанның таяу онжылдықтағы дамуының басты бағыттары.

Мемлекеттегі әлеуметтік қызметтің қалыпты және тұрақты болуы әлеуметтік қызметкер тұлғасының даярлығына байланысты. Ол әлеуметтік ортадағы кәсіби іс-әрекетпен тығыз байланысты тұлға мінездемесінің басты құрамдас бөліктері адамдармен жұмыс істеуге бейімделген, іс-әрекетке деген уәжділік, кәсіби парыздылық сана-сезім әлеуметтік қызметке деген психологиялық дайындық. Әлеуметтік қызмет аясындағы маманның теориялық моделіне әлеуметтік қызметкердің этикалық кодексі

талаптарына сәйкес адамгершілік-этикалық қасиеттері, даму мен өзін-өзі дамытуға дайындығы мен бейімділігі, қоғамдағы өзгерістерге шығармашылық қатынасы жатады. Сондықтан, осы қызмет аясында әлеуметтік педагогика саласындағы түрлі оқулықтарда (Н.Ю. Андрусяк, Т.В. Склярова, Г.П. Медведева, Е. Ярская-Смирнова) сипатталған міндеттерді атқаратын кең ауқымды маман қажет. Ол міндеттер:

– оқыту-тәрбиелеу – маман балалардың және ересектердің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне мақсатты түрде бағытталған ықпал етуі, өзінің кәсіби әсер ету аумағындағы әлеуметтік институттар, яғни отбасы, білім беру мекемелері, еңбек ұжымдары, бұқаралық-ақпарат құралдары, діни ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктердің білім беру және тәрбиелеу жұмыстарына жәрдемдесуі;

– диагностикалық – маман «Әлеуметтік диагноз» қояды, адамның психологиялық және жас ерекшеліктерін, қабілеттерін зерттейді, оның өмір жағдайына, қарым-қатынас шеңберіне және дүниетанымына енеді, жағымды немесе жағымсыз мәселелерді айқындайды;

– ұйымдастырушылық – маман балалар мен ересектердің қоғамдық іс-әрекеттерін ұйымдастырады, кәсіби бағыт-бағдары мен бейімделуіне және жұмысқа орналасуына жәрдемдеседі, жасөспірімдер мен жастар бірлестігінің қызметін үйлестіреді, клиенттің қоғамның медициналық, білімділік, мәдени, спорттық және құқықтық мекемелер мен қайырымдылық ұйымдармен өзара әрекеттесуіне әсер етеді және бағдарламалардың, жобалар мен жоспарлардың жүзеге асуын қамтамасыз етеді;

– болжамдық – маман түрлі институттардың іс-әрекеттеріне, кішігірім қоғам мен ауданның әлеуметтік дамуын болжамдауына, бағдарламалар мен жоспарлардың құрылуына қатысады, нақты бала тұлғасының дамуына әлеуметтік-педагогикалық бағдарлама жасайды, нақты әлеуметтік-педагогикалық мәселелердің шешілуінің сұлбасы мен алгоритмін құрады;

– профилактикалық әлеуметтік-терапевтік – маман жағымсыз ықпалды жеңіп шығу мен негативтің алдын алудың әлеуметтік-құқықтық, заңды және психологиялық механизмін іске асырады, соған мұқтаж жандарға әлеуметтік-терапевтік көмек көрсетеді, қоғамдағы адам құқығын қорғауды қамтамасыз етеді, әлеуметтік және кәсіптік өзін-өзі бағдарлау кезеңінде жасөспірімдер мен жастарға көмек көрсетеді;

– ұйымдастырушылық-қатынастық – маман өз еркімен көмектесушілер мен жалпы халықты бірігіп еңбектенуге, демалуға және әлеуметтік

қызметке жағымды қатынасын қалыптастырады. Түрлі әлеуметтік институттардың өз клиенттерімен арақатынасын сапалы жолға салып, ақпарат жинайды;

– қорғаулық – клиент қызығушылығын қорғау үшін маман құқықтық ережелердің барлық түрлерін қолданады, оның құқығына қарсы маман немесе жанама ықпал жасайтын тұлғаларға қатысты заңды жауапқа тарту және әлеуметтік мәжбүрлеу шараларын қолдануға септігін тигізеді;

– делдалдық – маман баланың жеке мүддесі үшін ресми инстанциямен, қоршаған ортамен, білім беру мекемелері мен отбасы арақатынасын жағымды түрде жүзеге асырады. Жоғарыда айтылған көрсеткіштер ең алдымен әлеуметтік қызметкердің деонтологиялық даярлығына байланысты. Деонтологиялық даярлық – кәсіби іс-әрекетін жүзеге асыру қажеттілігі тууы кезінде өзінің парызын мойындау арасындағы болашақ қызметкердің сана-сезімінің қалпы, сондай-ақ, өз идеялары мен сезімдерінде, наным-сенімдерінде, педагогикалық іс-әрекеттің ішкі уәжділігі мен іс жүзінде жүзеге асуындағы әлеуметтік қызметкердің объективті міндеті айқындалған кезде сол парызға тиісті болуы керек. Біздің ойымызша, әлеуметтік қызметкердің деонтологиялық даярлығы келесі тұлғалық сапалармен сипатталады:

- ізгілік, қамқоршылық, адалдық;
- ықыластылық, қайырымдылық, көзқарасты түсіну үшін ұмтылыс (құлшыныс);
- достық, жылы шырайлық;
- сабырлық, адамгершілік, көшбасшы болуға қабілеттілік;
- сыпайылық, рақымдылық, кішіпейілдік;
- ұйғарымға ұласу;
- жайдарылық;
- төзімділік, пайдақорсыздық, табандылық;
- жауапкершілігі мол, мамандығына деген қызығушылық;
- әр қилы жұмысты орындау қабілеттілігі;
- еңбек әрекетіндегі ынта, альтруизм (қалтқысыз қамқорлық);
- мамандармен өзара әрекеттесуге қабілеттілік;
- қимыл мұқияттылығы;
- ұқыптылық пен іс-әрекеттегі жүйелілік;
- өз болашағын жоспарлау қабілеті;
- ауызша сөйлеуге деген қабілеттілігі;
- өзгелерді оқыта білу қабілеті;
- басқа адамдарға қамқорлық жасау ептілігі;
- жаңа идеяларды жүзеге асыру, өзіндік (дербес) пайымдау. Деонтологияның ғылым

ретінде дамуы оның салаларының пайда болып, жетілуіне әсер етті. Қазіргі уақытта деонтологияның салалары әртүрлі. Соларға қысқаша тоқталсақ:

– педагогикалық деонтология – кәсіби парызына сәйкес ұстаздың мінез-құлқы жөніндегі ілім (К.М. Левитан, Е.Н. Жуманкулова, Г.А. Караханова және тағы басқалар);

– медициналық деонтология – медицина қызметкерлерінің алдарына келген адамдарға қатысты құқықтық, кәсібилік, моральдық міндеттері мен тәртіп ережелері туралы ілім (А.Ф. Билибин, Б.Е. Вотчал, Ф.П. Гааз және тағы басқалар);

– психологиялық деонтология – көмек көрсететін мамандардың моральдық сенімділігін қамтамасыз ететін, «Көмек беруші – көмек алушы» қатынастың этикалық аспектілерін зерттейтін ілім (М.А. Гулина, А.А. Крылов және тағы басқалар);

– әлеуметтік деонтология – әлеуметтік қызметкердің мінез-құлқы мен қызметінің принциптері мен кәсіби-этикалық ережелерін зерттейтін ілім (Л.М. Анисимова, Н.Ю. Гуревич, Д.П. Котов және тағы басқалар);

– заңгерлік деонтология – заңгердің кәсіби мінез-құлқының кодексі туралы білімдердің жалпы жүйесін көрсететін, заңгерлік ғылымның саласы болып табылады (Н.М. Блохин, В.М. Горшенев және тағы басқалар);

– журналистік деонтология – журналистің кәсіби мінез-құлқының парыздық принциптер, ережелер, талаптар жүйесі.

– жұмысшыларының жауапкершілік мінез-құлықтарының құқықтық және этикалық ережелер жиынтығы [1].

Әлеуметтік жұмыстың мәні пайда болған қарама-қайшылықты жоюда ғана емес, сонымен бірге сол мәселелерді шешумен қатар әлеуметтік әділдік пен мақсатқа лайықтықты орнату болып табылады. Мәселенің дәл солай қойылуы әлеуметтік қызметтің этикалық нормаларын кәсібилендіріп, мақсатқа сай етеді. Жоғарыда айтылғандарға байланысты, біздің ойымызша, әлеуметтік қызметкердің жалпы кәсіби даярлығының көрсеткіші – оның адамгершілік-психологиялық, теориялық және практикалық даярлығын қажет ететін талаптарды қамтитын және өз мамандығының өзгешелігін айқындайтын кешенді сипаттама болып табылады. Мұның барлығын оның деонтологиялық даярлығы қамтиды. Әлеуметтік қызметкердің деонтологиялық даярлығының қалыптастыру дегеніміз оның санасын кәсіби парыздылық сана-сезімге

айналдыру үшін тұлға ретінде жетілуіне және болашақ маман ретінде қалыптасуына әсер ету қажеттілігі болып табылады, ол кәсіби міндеттерді толық және тиімді жүзеге асыруға пайдалы. Әлеуметтік қызмет кәсіби іс-әрекеттің ерекше түрі ретінде арнайы, өзіне ғана тән мамандардың мінез-құлқындағы ұстанымдар мен нормалардың қалыптасу барысындағы құндылықтар мен мүдделер жиынтықтарына ие.

Қазіргі кезде көптеген мемлекеттерде әлеуметтік қызметкерлердің 10 рөлін айқындап беріп отыр:

– қиындықты басынан кешірген, мәселелері бар адамдар тобын айқындау;

– жиналған ақпаратты бағалау мен бір жүйеге келтіру;

– клиенттер туралы алынған мәліметтерді талдау және топтау;

– олардың мәселесін шешетін мекемелер, ұйымдар табу;

– адамдар арасындағы жанжал кезінде сарапшы болу, олардың бірге жұмыс жасауына, уағдаластықты шешуге көмек көрсету;

– адамдардың қорғаушысы болуға, олардың құқығы үшін күресуге, заңға өзгертулер енгізу;

– адамдарға білім беру үшін, мұғалімдік қызмет атқару, оларға психологиялық қызмет көрсету;

– басқа да әлеуметтік қызметкерлерге көмек көрсетіп, кеңесші болу;

– әлеуметтік жұмысты құру;

– басқару, қабылданған басқару шешімдерін жүзеге асыру [2].

Әлеуметтік қызметкер – «Әлеуметтік қорғаушы», «Әлеуметтік қолдаушы», «Әлеуметтік көмекші», «Әлеуметтік басқарушы». Осыған байланысты оның жұмыс түрлері әртүрлі болады. Қазақстанда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық, саяси, демографиялық жағдайлар қоғамның әлеуметтік өмірін түбегейлі өзгертті. Тез қарқынмен өсіп келе жатқан халықтың әлеуметтік және материалдық дифференциациясы, жұмыссыздық, босқындардың, маргиналды топтардың пайда болуы, қолайсыз экологиялық жағдай және күрделі демографиялық жағдай бүгінгі күннің шындығы. Осындай қиын жағдайда әлеуметтік көмекпен, қолдаумен, жеке тұлғаның, әр түрлі топтардың және бірлестіктердің реабилитациялануымен байланысты өзекті мәселелер туындайды [3].

Әлеуметтік қызметкер маманға да сұраныстар артып, оның қызмет аясы кеңейіп, жұмыс мазмұны да күрделене түсті. Әлеуметтік қызметкердің қарастырылатын міндеті сансыз,

алайда қазіргі кездегі қиын және өте қажетті әлеуметтік қызметкер мамандығындағы өзара бірлестіретін басты, негізгі идеяны, яғни адамдарға жәрдемдесу үшін жарамды бола білу қабілеттілігін айқындауға және бақылауға мүмкіндік туғызады. Ол әлеуметтік қызметтің міндеті мен білімін, этикасы мен тұтастығын ескеріп, ұстануы қажет, сондай-ақ, мамандығының құндылығын қорғауы, әлеуметтік қызметке қатысты іс-әрекеттің аясында болып, сыни көзбен баға бере білуі, әлеуметтік қызметтің мәліметтер жиынтығын жинақтауына қатысуы, өзінің әріптестерімен зерттеу нәтижелері мен практикалық тәжірибесін бөлісуі тиіс, яғни жоғары дәрежеде мәдениетті және адамгершілігі мол, медицинаның, заңның, психологияның, педагогиканың олардың теориясы мен тәжірибелерінің негіздерін жетік білетін жоғары дәрежелі маман болуы қажет [4].

Әлеуметтік қызметкер, қызметтің көптеген нақты түрлерін жүзеге асырады. Оған келесілерді жатқызамыз: психологиялық, педагогикалық, ұйымдастырушылық, басқарушылық, бірақ осы қызметтерді жүзеге асыру әлеуметтік қызметкердің функцияларын жүзеге асыру сапасына байланысты болады.

Әлеуметтік қызметкердің кәсіби қызмет ретіндегі негізгі мақсаттары келесілер:

- клиенттердің өз еркінділік деңгейін арттыру, олардың өз өмірін қадағалау және пайда болған проблемаларды дұрыс шешу мүмкіндігін жоғарылату;

- клиенттің заңмен белгіленген тәртіпте барлық мүмкіндіктеріне қол жеткізуіне және өзін-өзі дұрыс көрсете алуы үшін жағдай жасау;

- қоғамдағы адамдарды бейімдеу және қайта бейімдеу;

- өзінің физикалық, рухани кемшіліктері мен өмірлік дағдарысқа тап болғанына қарамастан, өзін толыққанды тұлға ретінде сезінуіне және қоғам тарапынан сыйластықты қамтамасыз ететіндей жағдай жасау;

- сонымен соңғы мақсат – клиент әлеуметтік қызметкердің көмегін қажет етпейтіндей жағдайға жеткізу.

Әлеуметтік жұмыс тәжірибелік қызмет ретінде адамның өмірлік тонусын бейнелейтін индивидтер мен әлеуметтік субъектілерді қолдау, дамыту және қалпына келтіру қызметтерден көрініс табады. Әлеуметтік жұмыс – басқару, экономика, психология, әлеуметтану, педагогика, медицина, құқықтану салаларындағы мықты теориялық білімді қажет ететін күрделі үрдіс. Бұл үрдістің нәтижелі болуы тікелей әлеуметтік

қызметкерге, оның білімі, жеке қасиеттері мен ерекшеліктеріне байланысты [5].

Әлеуметтік қызметкерге қажетті негізгі қасиеттерден таңдалған, оларға: жауапкершілік, қадағалаушылық, байланыстылық, корректілік, интуиция, өзін-өзі және басқа тұлғаға баға берудегі адекваттық, ұстанымдылық, өз бетімен білім ала білушілік, шынайылық, мобильділік, өзгермелілік, тұлғаға гуманистік тұрғыда бағытталу, басқаның проблемаларына ортақтасу, шыдамдылық. Әлеуметтік қызметкердің кәсіби бейнесі оның психологиялық тұрғыдан қызметті жүзеге асыруға қажетті білім мен тәжірибелерді игеруге қажетті тұлғалық ерекшеліктері және кәсіби еңбекте қолжетімді нәтижеге жету қасиеттерінен көрініс табады.

Әлеуметтік қызметкерді бейнелеу үшін оның тұлғалық ерекшеліктерін әлеуметтік қызметтің шарттарына сәйкес келетін және оның табыстылығын айқындайтын қабілеттері тілінің проекциясы ретінде қарастыру керек, олар мыналар болуы мүмкін: басқаларды тыңдай білу; түсіне білу; ерекше және шығармашылық ойлай білу; тез және дұрыс бағыттала білу; ұйымдастырушылық қабілет, моральдық қасиеттер және тағы басқалар. Осы тұрғыда, әлеуметтік жұмысқа қатысты психологиялық тыйымдар анықталған. Олар: басқа адамдарға деген қызығушылықтың жоқтығы (эгоизм), дөрекілік, тез шешім қабылдау, кесімділік, тиянақсыздық, оппонентпен дұрыс сөйлесе білмеу, шиеленіске бару, агрессивтілік, тұлғаға қатысты басқа адамның көзқарасын қабылдай алмау. Кез келген адам әлеуметтік қызметкер бола алмайды, оларды тандаудың негізгі факторы кандидаттардың кәсіби жарамдылығын және тәжірибелік қызметінің нәтижелілігін анықтайтын құндылықтар жүйесі болып табылады. Бұл жерде, әр адамның жеке тұлғалық абсолютті құндылықтары, философиялық тұрғыдан түсіндірілетін индивидтің құндылығына бағытталған базистік қасиеті болып табылады. Әлеуметтік жұмыс қиын мамандық және солай болып қала бермек. Қоғам көп жағдайда ол туралы адекватты тұрғыдан пікір қалдырмайды. Бірақ, әлеуметтік жұмыс адам қызметтерінің дұрыс және көпқырлы түрі болып табылады [6].

Әлеуметтік қызметкердің өзін-өзі ұстай білу стилі оның тұлғалық қасиеттерімен, құндылықты бағыттарымен ерекшеленеді, олар өз кезегінде клиенттермен ғана емес өзінің ұжымымен, қол астындағы қызметкерлерімен және басшылығымен қарым-қатынас жүйесіне кесімді әсер етеді.

Е.Н. Холостова әлеуметтік қызметкердің тұлғалық қасиеттерін аша отырып, оны үш топқа бөледі:

– осы қызметтің қасиеттерінің құраушысы болып табылатын психологиялық өзгешелік;

– екіншісі – әлеуметтік қызметкердің тұлға ретіндегі кемелденуіне бағытталған педагогикалық қасиеттер;

– үшіншісі – жеке тұлғалық тартымдылыққа бағытталған психологиялық қасиеттер.

Адамдармен жұмыс істегенде, ереже бойынша жинақылық, ұқыптылық, басқаларды түсіне білу, шыдамдылық, өзін-өзі ұстай білу сияқты психологиялық қасиеттер ерекше сұранысқа ие [7]. Әлеуметтік қызметкер үшін маңызды осындай психологиялық өзгешеліктерсіз қызмет нәтижелі болмайды. Әлеуметтік қызметкердің кәсіби біліктілігі – қарым-қатынас орната білуі, эмпатиясы, бетпе-бет сөйлесуден тайынбауы, сыртқы көріністің нанымдылығы, перцепция, басқаларды қабылдау мүмкіндігі мен сөз өнерін жетік меңгеруі. Әлеуметтік қызметкер:

«Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы»;

«Неке және отбасы туралы»;

«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы»;

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы»;

«Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын, арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну мәселелері жөніндегі өзге нормативтік құқықтық актілерді, арнайы педагогика, психология және әлеуметтік жұмыс негіздерін білуге тиіс [8].

Әлеуметтік қызметкердің кәсіби шеберлігін арттыру, маманның тәжірибелік қызметі

барысында жүреді. Әлеуметтік қызметкердің шеберлігі, оның кәсіби біліміне, мәдениетіне, дағдыларына және тәжірибесіне байланысты. Егемен еліміз өркениет биігіне өрлеп, экономикалық әлеуетін нығайтқан сайын халықтың әл-ауқатын жақсартта түсуді, қоғамымыздағы аз қамтамасыз етілген топтарға, жан-жақты қамқорлық жасауды ең өзекті мәселе ретінде қарап келеді. Алдағы уақытта, әлеуметтік қызметкерлер халықтың әлжуаз топтарына, мемлекеттің беретін көмегін үйлестіруші ғана емес, жоғарыда көрсетілген проблемаларды болдырмау немесе солардың алдын алуда жұмыс жүргізуі тиіс.

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты Жолдауында «... мемлекет – шетсіз-шексіз донор емес, азаматтар әл-ауқатының өсуі үшін жағдай туғызатын әріптес деген ұстаным қалыптастыру маңызды Мемлекеттің стратегиясы, әлеуметтік қорғаудан әлеуметтік прогреске бағытымен құрылады. Бұл масылдыққа жол жоқ дегенді білдіреді. Тек осындай жағдайда ғана Қазақстан қоғамы патернализм инерциясын еңсере алады» деп, алдағы уақытта әркім өзі үшін еңбек етуі, денсаулығын сақтауы және айналасындағы қоғаммен дұрыс, үлгілі байланыс жасай білетін тұлғалар қалыптастыратын мезгілдің келгенін атап көрсетеді.

Халықпен, оның әртүрлі санаттарымен жұмыс жүргізетін әлеуметтік жұмыс мамандарының алдында да, «Қазақстандықтардың сапалы әлеуметтік үлгі-қалыптары мен кәсіби біліктілігі жүйесін, әсіресе экономикалық белсенді тұрғындардың арасында жасап енгізу міндеті тұр».

Қазіргі уақытта адамдардың, топтардың және бірлестіктердің әлеуметтік қорғалуы, ең алдымен, әлеуметтік саясат пен мемлекеттік әлеуметтік қорғау мен қолдаудың дамуына байланысты.

Әдебиеттер

- 1 Көпжасарова М. Психологиялық педагогика. – Алматы, 2009. – 184-187 б.
- 2 Фирсов М.В. История социальной работы: учебное пособие. – М., 2009. – 191-196 с.
- 3 Курбатов В.И. Социальная работа: учебное пособие. – М., 2007. – 93 с;
- 4 Холостова Е.И Социальная работа с инвалидами: учебное пособие. – М., 2007. – 203-205 с.
- 5 Холостова Е.И. Социальная работа. – М., 2005. – 351 с.
- 6 Холостова Е.И. Социальная работа и социальная политика. – М.: Издательско-торговая корпорация «Дашков и Ко», 2009. – 216 с.
- 7 Агафонов А.Н., Менлибаев К.Н., Туганбекова К.М. Социальная работа: теория и технологии. – Астана, 2005. – 27 с.
- 8 Қылышбаева Б.Н., Дуйсенова С.М. Әлеуметтік жұмыстағы басқару, ұйымдастыру және әкімшілік. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 89-70 .

References

- 1 Kopzhasarova M. the psychological pedagogy. – Almaty, 2009. – 184-187p;
- 2 Firsov MV History of Social Work // Textbook. – Moscow, 2009. – 191-196p;
- 3 Kurbatov VI Social work // Textbook. – Moscow, 2007. – 93p;
- 4 Holostova EI Social work with people with disabilities Training posobie.- // Moscow, 2007. – 203-205p;
- 5 EI Holostova Social work. – M., 2005.- 351p;
- 6 EI Holostova Social Work and Social Policy M.: Publishing and Trading Corporation “Dashkov & Co”, 2009.-216p;
- 7 Agafonov AN, Menlibaev KN, KM Tuganbekova, social work theory and technology. – Astana, 2005. – 27p;
- 8 Kylyshbaeva BN, Duysenova SM, Management Organization and Administration in Social Work – Almaty, Kazakh University, 2012. – 89-70b